

## Карантин белгілеу туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 25 наурыздағы № 20 шешімі

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қызылқоға ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 15 наурыздағы № 11-10/70 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылдық округіне қарасты Қоңыраулы елді мекенінің тұрғыны А. Боранхановтың иелегіндегі мүйізді ұсақ қара малынан құтырық ауруының шығуына байланысты, аулақораларының аумағына карантин белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сағыз ауылдық округінің әкімінің  
міндетін уақытша атқарушы*

*Е. Максотов*